

№15 (20 932)
16 сәуір,
2026 жыл, бейсенбі



Атырау

Облыстық қоғамдық-саяси газет

- Atyrau.gazeti
- atyrau_gazeti@mail.ru
- Атырау газеті
- www.atr.kz
- «Атырау» газеті
- atyrau_gazeti
- Atyrau_news
- Атырау жаңалықтары

«ОҢАЛТУ ОРТАЛЫҒЫ КЕРЕК БІЗГЕ!»



АУЫЛ МЕДИЦИНАСЫНЫҢ БҮГІНГІ АХУАЛЫ ТЕК ДӘРІГЕР МЕН НАУҚАСТЫҢ АРАСЫНДАҒЫ МӘСЕЛЕ ЕМЕС, БҮЛ – ТҮТАС ҚОҒАМНЫҢ САУЛЫҒЫНА ТІКЕЛЕЙ ӘСЕР ЕТЕТІН КҮРДЕЛІ ТҮЙІН. ӘСІРЕСЕ ШАЛҒАЙ АУДАНДАРДА МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕКТИҢ САПАСЫ МЕН ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІ КҮН ТӘРТІБІНЕН ТҮСПЕЙ ТҮРҒАН ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ БІРІ. МӘСЕЛЕН, ИНДЕР АУДАНЫНДА ОҢАЛТУ ОРТАЛЫҒЫНА ҚАЖЕТТІЛІК БАР. АУДАҒЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ БӨЛІМІНІҢ БАСШЫСЫ АНАРГУЛ ДОСБАЕВНЫҢ АЙТУЫНША, ЖЕРГІЛІКІ ТАБИҒИ-КЛИМАТТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕР ТҮРҒЫНДАРДЫҢ САУЛЫҒЫНА ДА ӘЖЕПТӘУІР САЛМАҚ ТҮСІРІП ОТЫР.

(Толығырақ 14-бетте)



ЭКОНОМИКА
9 Алыптар бар
Атырауға
асыққан



КӘСІПКЕРЛІК
13 Жарлының
аузы аққа
тисе...



ӘЛЕУМЕТ
15 Керегі –
аяушылық
емес,
мүмкіндік

*Өңірлерде

Көптен күткен қуаныш

Құрманғазы ауданы Асан ауылындағы 100 орындық мәдениет үйінің құрылысы аяқталды. Дәл осындай мәдени нысанның құрылысы Азғыр ауылында жүріп жатыр.

– Кеңес үкіметі кезінде Асан ауылында мәдениет үйі болған. Алайда жекешелендіру уақытында жеке иелікке өтіп, бұзылған болатын. Соған қарамастан мәдениет қызметкерлері ауыл әкімдігі ғимаратында дайындық жұмыстарын жүргізіп келді. Мұнда балаларға арналған домбыра үйірмелері жұмыс істейді, - деді Асан ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы Гүлім Қабдражитова.

Ал Азғыр ауылында 100 орындық мәдениет

үйінің құрылысы жүргізілуде. Нысанды осы жылдың соңына дейін аяқтау жоспарланып отыр.

– Бұған дейін ауылда мәдениет үйі болмады. Бұл жоба ауыл тұрғындарының сұранысы негізінде жүзеге асырылуда. Жаңа нысан іске қосылғаннан кейін ауылда түрлі мәдени іс-шаралар, жиындар мен кештер өткізуге жағдай жасалады, - деді Азғыр ауылдық округінің әкімі Арон Ғұмаров.

Екі мәдениет үйі де заманауи талаптарға сай жабдықталып, материалдық-техникалық базасы толық жаңартылады. Нысандардың аумағы абаттандырылып, тұрғындарға қолайлы орта қалыптастырылады. Бүгінде Азғыр ауылында 300, Асанда 544 тұрғын бар.

*Жүргізуші күәлігі

Шектеу алынады. Не өзгереді?

Ішкі істер министрлігі Цифрлық даму министрлігімен бірлесіп, жүргізуші күәлігін алу үшін емтихан қабылдау қағидаларына өзгерістер енгізуді жоспарлап отыр.

Ұсынылған түзетулер рәсімдердің ашықтығын арттыруға және адамдар үшін қолайлы жағдай жасауға бағытталған. Атап айтқанда, емтихан тапсыру әрекеттерінің санына қойылған шектеуді алып тастау көзделуде. Сондай-ақ практикалық емтиханды мерзімінен бұрын қайта тапсыру мүмкіндігі енгізіледі – әр 10 күн сайын ақылы негізде. Бұл ретте азаматтар үшін тегін қайта тапсыру құқығы сақталады – 30 күнде бір рет.

Сонымен қатар цифрландыру мәселелеріне ерекше назар аударылады. Емтихан қабылдау процесін автоматтандыру деңгейін арттыру және адам ықпалын барынша азайту бойынша шешімдер пысықталуда.

ІІМ өкілдері мұндағы басты міндет – көлік жүргізу дағдыларын объективті бағалауды қамтамасыз ету, баршаға тең жағдай жасау және кез-келген заңбұзушылыққа жол бермеу екенін атап өтті.

Бек АЙДАРӘЛИ

*«Таза Қазақстан»

Облыс орталығындағы №44 мектеп-гимназиясында «Eco Lab» экологиялық бұрышы ашылды. Ол «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында қолға алынып отыр. Ауқымды жоба шеңберінде ата-аналардың қолдауымен мектеп ауласына тал егілді. Осылайша ұстаздар мен оқушылар табиғатқа деген жанашырлығын ерекше форматта көрсетті.



Қайырымды жүрек қатаймайды

– Аталған жоба – білім алушылардың экологиялық сауаттылығын арттыруға, қоршаған ортаға деген жауапкершілігін қалыптастыруға бағытталған маңызды бастама. «EcoLab» бұрышы оқушыларға

табиғатты зерттеп, экологиялық мәселелерді түсінуге, сондай-ақ күнделікті өмірде табиғатты қорғау дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді, - дейді №44 мектеп-гимназиясының директоры Абай Ақмурзиев.

Экобұрышта көжектер, тотықұстар, балапандар, тасбақалар бар. Сондай-ақ оқушылар арнайы жылыжайда қызанақ, қияр секілді бақша дақылдарын өсіреді. Экобұрыштың ашылу салтанатында оқушылар суды үнемдеу, үй жағдайында жанартау жасау жолдарынан зертханалық жұмыстар көрсетті. Ал жаңа экобұрыштың лентасын облыстық «Атырау» қоғамдық-саяси газеті бас редакторының орынбасары Азамат Базарбаев пен облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы басшысының орынбасары Гүлайым Телеубаева қылды. Шараға қатысушылар мен қонақтар жобаның ауқымы кеңейе түсетініне сенім білдірді.

Айбөпе САБЫРОВА



«Атырау» газетіне

6 айға жазылу
жүріп жатыр



6 ай	«ҚАЗПОШТА» АҚ АРҚЫЛЫ	
	ҚАЛА	АУДАН
ИНДЕКС	65424	15424
Жеке тұлғалар үшін	3656,12	3656,12
Заңды тұлғалар үшін	8067,28	6880,12

Газетке жазылу «Қазпошта» АҚ-ның барлық бөлімшелерінде жүргізіледі.



«Парыз» конкурсына қатысайық!

Жылма-жыл өткізілуі белгіленген Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы №523 Жарлығымен Бизнесің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі «Парыз» конкурсы биыл да өткізілмек.

Бизнесің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі «Парыз» конкурсы халықтың әл-ауқатын одан әрі жақсарту үшін жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қоғам алдындағы өзінің корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыруға және арттыруға бағытталған.

Конкурсты өткізудің мақсаттары:

1. жеке кәсіпкерлік субъектілерін өз қызметкерлері үшін, сол секілді тұтас алғанда қоғам үшін де әлеуметтік мәселелерді шешуге ынталандыру;
2. осы саладағы қолда бар оң тәжірибені көрсету және кеңінен тарату.

Жеке кәсіпкерлік субъектілері (бұдан әрі – үміткерлер) қатыса алатын конкурс Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында өткізіледі.

Мемлекеттің акциялары, жарғылық капиталдарындағы қатысу үлесі 50 проценттен асатын ұйымдар конкурса қатысуға жіберілмейді.

Конкурстың жеңімпаздарын айқындау жөніндегі комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) шешімі негізінде лауреаттар атактары жыл сайын мынадай:

1. шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі;
2. ірі кәсіпкерлік субъектісі санаттары бойынша беріледі.

Үміткерлер тұтас алғанда қоғамның және соның ішінде жеке кәсіпкерлік субъектісі қызметкерлерінің әл-ауқатын жақсартуға бағытталған, өздерінің корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігін растайтын әлеуметтік бағдарламаларын ұсынуға тиіс.

Конкурс жыл сайын номинациялар бойынша өңірлік және республикалық деңгейлерде өткізіледі:

1. «Үздік әлеуметтік жауапты кәсіпорын»

Бұл номинацияда өз персоналын қолдауға, мүмкіндігі шектеулі адамдарды әлеуметтік бейімдеуге және жалпы қоғамның әл-ауқатын жақсартуға бағытталған әлеуметтік бағдарламаларды (еңбексіздік және әлеуметтік төлемдерді төлеуді, кадрларды кәсіптік даярлау мен қайта даярлау жүйесін ұйымдастыру, мүмкіндігі шектеулі адамдарды бағынша көп мөлшерде жұмысқа орналастыру және тағы басқалар) іске асыратын үміткерлердің қызметі қаралады.

2. «Еңбекті қорғау саласындағы үздік кәсіпорын»

Бұл номинацияда еңбек қызметі процесінде қызметкерлердің денсаулығын сақтауға мүмкіндік беретін еңбек жағдайларын жасайтын үміткерлердің қызметі қаралады.

3. «Үздік ұжымдық шарт»

Бұл номинацияда Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген, қызметкерлердің еңбек және әлеуметтік құқықтарын едәуір жақсартатын және нығайтатын ұжымдық шарттар қаралады.

4. «Экологияға қосқан үлесі үшін»

Бұл номинацияда қоршаған ортаның, қалдықтарды кәдіе жарату мен қайта өңдеудің жай-күйін жақсартуға бағытталған табиғатты қорғау (экологиялық) бағдарламаларын, іс-шараларын және жобаларын іске асыруда ерекше көзге түскен үміткерлердің қызметі қаралады.

5. «Жылдың үздік әлеуметтік жобасы» арнайы сыйлығы

Бұл арнайы сыйлықта бизнес іске асыратын, халықтың әлеуметтік осал және аз қамтылған топтарының жұмыспен қамтылуына және (немесе) тұрмыс жағдайларын жақсартуға ықпал ететін әлеуметтік жобалар қарастырылады.

Гран-при – конкурстың жоғары наградасы жұмыста және корпоративтік әлеуметтік және

экологиялық жауапкершілік қағидаттарын іске асыруда анағұрлым жоғары нәтижелерге қол жеткізген үміткерге беріледі.

Гран-при «Ірі кәсіпкерлік субъектісі» және «Шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі» санаттарында беріледі.

Конкурс лауреаттары осы атақ берілгеннен кейін үш жыл бойы конкурс эмблемасын жарнамалық мақсаттарда пайдалану құқығын алады. Белгілі бір номинация бойынша конкурс лауреаты атағын алғаннан кейін екі жыл ішінде осы атақты алуға қайталап ұсынуға жол берілмейді.

Конкурса қатысуға:

1) қызметін кемінде үш жыл жүзеге асыратын;
2) таратылу сатысында тұрмаған, банкрот деп танылмаған;

3) Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының жойылмаған бұзушылықтары, оның ішінде қызметкерлерге жалақы және басқа да төлемдер бойынша мерзімі өткен берешегі жоқ;

4) қызметкерлермен ұжымдық еңбек даулары жоқ;
5) Қазақстан Республикасының аумағында саяси, кәсіподақ және діни ұйымдарды қолдауға бағытталмаған әлеуметтік және қайырымдылық қызметті жүзеге асыратын;

6) конкурса қатысуға өтінімінде дәйекті мәліметтерді көрсеткен, сондай-ақ, құжаттарды толық көлемде ұсынған үміткерлер жіберіледі.

Конкурсты өткізу мерзімдері:

Жыл сайын 1 шілдеге дейін – жергілікті атқарушы органдардың өтінімдерді қабылдауы;

2026 жылғы 25 тамызға дейін – жергілікті атқарушы органдардың әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі облыстық комиссиялардың, республикалық маңызы бар қалалар және астана комиссияларының алдын ала жасаған қорытындыларын, конкурса қатысуға

үміткерлердің құжаттарын бір нағана Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне жіберуі;

желтоқсан – қорытындылар шығару, жеңімпаздарды марапаттау.

Конкурса қатысу үшін үміткерлер құжаттарын hr.enbek.kz сайты арқылы және қағаз түрінде 2 нағана жергілікті атқарушы органға ұсынады, онда:

1) осы ережелерге қосымшаға сәйкес толтырылған өтінім;

2) үміткердің өз қызметінің деңгейін өзін-өзі бағалауын және корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігі бойынша нақты нәтижелерін білдіретін есебі болады;

Үміткердің есебінде:

– өзге де қосымша немесе жеке тұлғаның тарихы;
– ұйымдық құрылымы;
– өзге де қосымша ақпарат;

3) есепке қосымша (ұжымдық шарттың көшірмесі және өзге де құжаттар);

4) Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі белгілеген және оның интернет-ресурсында орналастырылған нысанда толтырылған сауалнама болуы тиіс.

Облыстың кәсіптік құрылымдарын бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі «Парыз» республикалық конкурсына бөленді қатысушылығы және өзінің әлеуметтік бағдарламаларын ұсынуды сұраймыз, сонымен қатар, қоғамның әл-ауқатын жақсарту мен жұмысшылардың әлеуметтік және еңбек құқықтарын қорғауға өз үлесіңізді қосаңыз.

Толық мәлімет пен кеңес жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасында, мекен-жайы: Атырау қаласы, Азаттық даңғылы 31а, №1 кабинет, тел.: 8 (7122)307028, Атырау облысы әкімдігінің веб-сайтында gov.kz алуыңызға болады.

САПАЛЫ БІЛІМ – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ КЕПІЛІ: АТЫРАУЛЫҚ ТҮЛЕКТЕРДІҢ АҚ ТІЛЕГІ

Бүгінгі таңда Атырау өңірінің денсаулық сақтау жүйесінде қызмет атқара отырып, біз Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да өткен студенттік шағымдызды ерекше сағынышпен еске аламыз. Факультетіміздің оқытушылар құрамына айтар алғысымыз шексіз. Оқытушыларымыз бізге медицинаның ең заманауи әдістерін меңгертіп, клиникалық ойлау қабілетімізді ұштады. Олардың әрқайсысы – өз ісінің нағыз майталманы.

Білім берудегі қатаң талап пен шынайы қамқорлықтың арқасында біз бүгін кез келген қиындықты еңсеріп алатын маман болып қалыптастық. ҚазНУ берген білім – бұл өмір бойы таусылмайтын бағалы қазына.

Біздің оқу жолымызды жеңілдетіп, ұйымдастыру жұмыстарында бағыт-бағдар берген кураторымыз Есергенева Риза Төлеуқановна – денсаулық сақтаудағы саясат және ұйымдастыру кафедра меңгерушісінің оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысындағы орынбасарына ерекше ризашылығымызды білдіреміз. Сіздің арқашан байланыста болып, туындаған мәселелерді жедел шешуге атсалысқаныңыз біз үшін үлкен демеу болды.

Атырау облысындағы барша мейіргер әріптестерімізге айтармыз: егер сіздер мансап жолында өсіп, терең білім алғыларыңыз келсе, таңдауларыңыз ҚазҰУ болсын. Мұнда сіздерді білікті ұстаздар мен сапалы оқу бағдарламасы күтеді. Білімге құйылған инвестиция — ең қайтарым мол іс!

Шынайы ризашылықпен, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ түлектері 23-11 СД тобы



Атырау қаласы Кеңезек ауылдық округі әкімінің сайлауының қорытынды хабары

2026 жылғы 12 сәуірде Атырау қаласы Кеңезек ауылдық округі әкімінің сайлауы өтті.

Атырау қалалық аумақтық сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 14-бабы 9) тармақшасы, 44-бабы, 113-10-бабына сәйкес, Атырау қаласы Кеңезек ауылдық округі әкімінің сайлауының қорытындысы туралы уәкелескі сайлау комиссияларының хаттамаларын негізінде сайлау нәтижесін белгіледі:

Дауыс түскен кандидаттардың жалпы саны - 3, сайлаушылар тізіміне 5955 азамат енгізілді, олардың ішінде дауыс бергендер саны – 3152. Дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс берген сайлаушылардың саны – 35. «Бәріне қарсымын» белгісіне белгі салғандар саны - 26.

Әрбір кандидат үшін берілген дауыстар саны:

М.Т.Кусебалинге	-	482
А.Орынұлына	-	1106
Э.А.Оспановқа	-	1528

Кеңезек ауылдық округінің әкімі болып өзін-өзі ұсынған кандидат Оспанов Эдуард Айжарықұлы, 1982 жылы туған, «Қалалық тұрғын үй коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі, бөлім басшысының міндетін атқарушы, Атырау қаласының тұрғыны сайланды.

Атырау қалалық аумақтық сайлау комиссиясы

Атырау қаласы Кеңезек ауылдық округінің сайланған әкімін тіркеу туралы хабар

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 45-бабына, 113-11-бабының 1-тармағына сәйкес Атырау қалалық аумақтық сайлау комиссиясы Атырау қаласы Кеңезек ауылдық округі әкімін тіркегендігі туралы хабарлайды:

Кеңезек ауылдық округінің әкімі болып **Оспанов Эдуард**

Айжарықұлы, 1982 жылы туған, «Қалалық тұрғын үй коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі, бөлім басшысының міндетін атқарушы, Атырау қаласының тұрғыны тіркелді.

Атырау қалалық аумақтық сайлау комиссиясы

«Умирзак-Сервис» ЖШС 2026 жылдың 23 сәуір мен 30 сәуір аралығында Қоршаған орта және табиғи ресурстар жай-күйі ұлттық деректер қорының <https://ndbecology.gov.kz> сайтында «Атырау облысы Жылыой ауданы Теңіз вахталық поселкесіндегі ELKOMIX 60 бетон өндіру қондырғысын пайдалану» «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды.

Бастамашы: «Умирзак-Сервис» ЖШС, Қазақстан Республикасы, Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, Аэропорт шағынауданы, Аязбаев Н көшесі, 44-үй, БСН 031240001022.

Жобалық құжаттама пакетін ескертулер мен ұсыныстар үшін Қоршаған орта және табиғи ресурстар деректерінің Ұлттық деректер қорының (<https://ndbecology.gov.kz>) сайтында көруге болады.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Жайық Газ» ЖШС-і ҚР Экологиялық кодексінің 87-бабы 2-тармағының талаптарына сәйкес 2026 жылғы 24 сәуірден бастап 5 жұмыс күні ішінде <https://ndbecology.gov.kz> экологиялық порталда 2026-2035 жылдарға арналған «Жайық Газ» ЖШС-н өнеркәсіптік алаңдарында газ құю станциялары шығарындылар көздері үшін қоршаған ортаны қорғау бөлімі бойынша қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталы сайтында танысуға болады.

Ұсынылған қызметтің бастамашысы: «Жайық Газ» ЖШС, БСН: 070740008121, ұялы тел.: 87071565817, e-mail: gulyayibr78@mail.ru

Әзірлеуші: ЖК Уткелбаев Н.Т., ЖСН: 820814300869, тел.: 87017422811,

e-mail: nurbol_utkelbaev@mail.ru

Жобалық құжаттама пакеті ескертулер мен ұсыныстар үшін Ұлттық деректер банкі сайтында (ndbecology.gov.kz) қолжетімді.

«Zhylyoi Operating» барлық мүдделі тараптарды «Жылыой учаскесінде барлау жұмыстарын жүргізу жобасына ықтимал әсерлер туралы есеп» тақырыбындағы қоғамдық тыңдауға қатысуға шақырады.

Күні мен уақыты: 2026 жылғы 21 мамыр, сағат 15.00
Өткізілетін орны: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Қосшағыл ауылы, Қамысқөл көшесі, 79, «Мәдениет үйі».

Аумақтың географиялық координаттары:

1. 46° 51' 0,000" N, 53° 6' 0,000" E.
2. 46° 33' 0,000" N, 53° 10' 0,000" E.
3. 46° 18' 0,000" N, 53° 0' 0,000" E.
4. 46° 30' 0,000" N, 52° 53' 0,000" E.

Әсер ету аймағының географиялық координаттары:

1. 46° 32' 9,065" N, 53° 0' 58,146" E.
2. 46° 29' 57,413" N, 53° 4' 2,712" E.
3. 46° 27' 50,063" N, 53° 0' 48,575" E.
4. 46° 30' 4,037" N, 52° 57' 46,879" E.

Қоғамдық тыңдауға ZOOM платформасында төмендегі сілтеме бойынша онлайн қосылуға болады:

<https://us06web.zoom.us/j/9157904000?pwd=TG9Y3pRZT66eFUyTU00UxYUmlYzZ09&omn=85417891583>

Конференция идентификаторы: 915 790 4000

Кіру коды: 12587

Бастамашы: «ZHYLYOI OPERATING» ЖШС, БСН

250940030341, Астана қаласы, Есіл ауданы, Д. Қонаев көшесі, 8, 1-тұрғын емес үй-жай, телефон: +7 775 5777800, эл. пошта: info@zhylyoilp.kz

Әзірлеуші: «Sustainable ecology development» ЖШС Мекен-жайы: Алматы қ., Асқаров көш., 3 үй, эл. пошта: sed@sed.kz телефон: +7(7272) 47 23 23, +7(7272) 47 2626, +7(7272) 47 26 36

Жобалық құжаттама <https://ndbecology.gov.kz> сайтында жарияланған.

Жоғарыда аталған жоба бойынша ескертпелер мен ұсыныстарды Атырау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасына (Атырау қ., Әйтеке би к., 77, атр_priroda@mail.ru, атр.priroda@atyrau.gov.kz) және Атырау облысы бойынша экология департаментіне (Атырау қ., Құлманов көшесі, 137, atyrau-ecodep@ecogeo.gov.kz) жолдауға болады.

ЖАО сайтына сілтеме: <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=kz>

Қосымша ақпаратты M.Bauyrzhankeyev@zhylyoilp.kz эл. адресі мен +7 775 5777800 телефон нөмірі бойынша байланысып алуға болады.

Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Исатай аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорының байқау кенесі Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі 2020 жылғы 27 мамырдағы №58/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы байқау кенесі бар шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорының атқарушы органының немесе алқалы атқарушы органы басшысының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын басшының бос лауазымына конкурс өткізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес бос тұрған Исатай аудандық ауруханасының директоры лауазымдық кызметіне орналасуға конкурс жариялайды:

Конкурс өткізілетін күні және орны: 2026 жылғы 4 мамыр Атырау облысы, Исатай ауданы, Ақкыстау ауылы, Елорда көшесі, 49, аурухана ғимараты 2-кабат, директор кабинетінде өткізіледі. Анықтама телефоны (87012674212) электронды поштаньң адресі: lena.esetova@mail.ru

Орналасқан орнын, пошталық мекен, телефонның көрсете отырып, кәсіпорынның атауы, оның негізгі қызметінің қысқаша мекен-жайы сипаттамасы:

Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Исатай аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны, 060300, Атырау облысы, Исатай ауданы, Ақкыстау ауылы, Елорда көшесі, 49, анықтама телефоны (87123121352) электронды поштаньң адресі: isatay_crb@med.mail.kz;

Аудандық және қалалық маңызы бар денсаулық сақтау ұйымының басшысы (директор немесе бас дәрігер) үшін:
«Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша жоғары білім, «Денсаулық сақтау менеджменті» («Қоғамдық денсаулық сақтау») мамандығы бойынша біліктілікті арттырудың (қайта даярлаудың) сертификаттық курсынан өткені туралы куәлік және (немесе) тиісті мамандық бойынша біліктілікті беру туралы куәлік (немесе сертификат); немесе «Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша жоғары білім, «Денсаулық сақтау» немесе «Бизнес, басқару және құқық» даярлау бағыты бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім немесе ЕМВА (ЭмБиЭй) немесе full-time (Фултайм) дәрежесі; немесе «Бизнес, басқару және құқық» даярлау бағыты бойынша жоғары білім және «Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім немесе ЕМВА (ЭмБиЭй) немесе full-time (Фултайм) дәрежесі; денсаулық сақтау саласындағы менеджер сертификаты, басшылық лауазымдағы жұмыс өтілі кемінде 2 жыл.

Кәсіпорынның қызметінің негізгі түрлері:

Мемлекеттік лицензия және оның қосымшаларына сәйкес Исатай ауданы тұрғындарына медициналық қызмет көрсету және клиникалық диагностикалық зерттеулер жүргізу.

Конкурса мынадай тұлғалар қабылдамайды:

он сегіз жасқа толмаған; бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған; Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген ретте өтемінен немесе алыбынан сотталғаны бар.

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайлар.

Білуі тиіс:

Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының кодексі, «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының кодексі, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, «Қазақстан Республикасындағы тіл

туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, «Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2022 жылғы 21 ақпандағы №55 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №26867 болып тіркелген); қазіргі заманғы басқару қызметінің стратегиялық және ұйымдастырушылық аспектілері; денсаулық сақтау ұйымдарының жоспарлы-экономикалық және қаржылық қызметінің негіздері; басқарудың экономикалық әдістері және ұйым қызметін талдау; медициналық қызметтер нарығының конъюктурасы; денсаулық сақтаудағы адам ресурстарды басқарудағы үздік тәжірибелер; халық денсаулығының жай-күйін сипаттайтын статистиканы, өлшемшарттар мен көрсеткіштері; отандық медицинаның қазіргі заманғы ғылыми жетістіктері; денсаулық сақтауды басқарудағы үздік халықаралық тәжірибе; еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитариялық және өртке қарсы қауіпсіздік қағидаттары мен нормалары; төтенше жағдайлар кезінде қызметті ұйымдастыру.

Конкурса қатысушылардың құжаттарын қабылдау мерзімі мен орны:

Конкурса қатысуға тілек білдірген тұлға конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған күнінен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күні ішінде келесі құжаттарды тапсыруы тиіс:

1) конкурсқа қатысу жөніндегі өтінім;
2) еркін нысанда жазылған өмірбаян;
3) білімі туралы құжаттардың көшірмелерін;
4) еңбек кітапшасының (егер бар болса) немесе ең